

ҒТАХР 06.71.07
ӘОЖ 338.43(1-856)

Г.Ғ. ШІНЕТ,¹

PhD.

С.У. АБДИБЕКОВ,²

бірінші проректор, э.ғ.к., доцент.

Г.П. КОПТАЕВА,¹

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

Мирас университеті.¹

«Қайнар» академиясы²

ЖҰРТШЫЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК ДАМУЫ: АТАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

Андатпа

Бұл мақалада ауыл шаруашылық саласындағы шаруашылық жүргізудің шағын нысаны болып табылатын жұртшылық шаруашылығының шетелдердегі баламалы нұсқаларының қалыптасқан анықтамалық атаулары кеңінен зерттелінген. Баламалы нұсқаларына анықтама беріліп, еліміздегі жұртшылық шаруашылық ұғымымен ерекшеліктері мен ұқсастықтары кеңінен сипатталған. Сондай-ақ, бірқатар шетелдік ғалымдардың шаруашылық жүргізудің шағын нысаны жұртшылық шаруашылығын сипаттаған сан түрлі ой пайымдауларын жаза отырып, анықтамалық атауларға түсінік берген маңызды мағлұматы ұсынылған. Анықтамалық атаулардың алуандығы жергілікті ұлттық ерекшеліктермен байланысты екендігімен түсіндірілген. Батыс әдебиеттерінде жеке қосалқы шаруашылық ұғымының мән-мағынасы жанұялық немесе жартылай фермерлік шаруашылық түсініктерімен сай келетіндігін айта отырып, бұл терминнің Қазақстандағы шаруашылық жүргізудің бір нысанымен сай келмей, екі түрлі, яғни фермерлік шаруашылық және жұртшылық шаруашылығы нысандары сай келетіндігімен, сондай-ақ олардың әртүрлі инфрақұрылымы мен статистикасының жүргізілетіндігі айтылған. Шетелдердегі мысал ретінде АҚШ пен Канада елдеріндегі жұртшылық шаруашылығы баламалары, олардың даму жағдайы зерттелді, осы елдердегі қолданыстағы шаралар қарастырылды, ортақ ұқсастықтары табылды, соның негізінде қолдау шараларының сызбанұсқасы құрылып ұсынылған.

Тірек сөздер: ауыл шаруашылығы, агроөнеркәсіптік кешен, жеке қосалқы шаруашылық, жұртшылық шаруашылық, фермерлік шаруашылық, кооператив, қолдау шаралары.

Агроөнеркәсіптік кешеннің (АӨК) шаруашылық жүргізуші шағын субъектілерінің даму деңгейі осы сала дамуына қажетті қолайлы жағдайлардың жасалуы деңгейімен байланысты екендігі әлемдік тәжірибеден белгілі. Көптеген шет елдерде АӨК саласында жоғары деңгейлі нәтижеге қол жеткізген. Экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктеріне қарамастан, экономикасы дамыған елдердегі қазіргі шаруашылық жүргізуші нысандарды зерттеу еліміздегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің шағын түрлерінің дамуына оңды әсер ететіндей пайдалы болары анық. Сондықтан жұртшылық шаруашылығының шетелдік дамуына зерттеу жүргізіп, талдаудың өзіндік маңызы бар.

Жұртшылық шаруашылығының шетелдік дамуын зерттеу барысында әлемдік деңгейде бұл шаруашылық жүргізуші нысанның атаулары әртүрлі екендігін байқадық. Сол себепті де шетелдік тәжірибелерді сипаттау барысында шаруашылық жүргізуші нысанның атаулары өзгеріп отыратындығын атап өткен жөн. Бұл анықтаулар жайында ғалымдардың да пікірлері әртүрлі болып отыр. Мәселен, Е.Ф. Авдокушин, М.В. Алиман, П.В. Савченконың пікірлері бойынша шаруалық, хуторлық, отбасылық, еңбек шаруашылықтарының барлығы еркін кәсіпкерлікпен шұғылданатын ауыл шаруашылық әрекет етудің біртегіс ұйымдық нысанын сипаттауға қолданылатын әртүрлі анықтамалық атаулар болып табылады [1]. Бұл анықтамалық атаулардың алуандығы жергілікті ұлттық ерекшеліктерге байланысты. Мәселен, Англия, Канада, АҚШ елдерінде «фермерлік шаруашылық» термині қолданылса, Германия мен Ресейде «шаруа иелігі» (крестьянское хозяйство) термині лайық деп қолданылады. Қауымдастық негізінде шаруашылық жүргізудің ұжымдық және жеке нысандарының болуы әбден мүмкін. Шаруашылық жүргізудің жеке түріне жеке қосалқы шаруашылық жатады.

А. Толмачев, Н. Гончарова [2] «жұртшылық шаруашылығы» («хозяйство населения») атты терминді қолданғанды жөн санайды. Бірқатар ғалымдар, мәселен, В.М. Жеребин, А.Н. Романов

бұл шаруашылықтарға «үй шаруашылығы» деген атау береді. Үй шаруашылықтарының атқаратын қызметтерінің қатарына: жеке қосалқы шаруашылықпен шұғылдану, жеке еңбектік және кәсіпкерлік әрекет, жеке-отбасылық сауда, жылжымайтын мүлік пен ұзақ мерзімді қолданатын бұйымдарды жалға беру, бағалы қағаздар алу және оларды пайдалану жатады [3].

П. Тиллак және Д. Эйпштейн: «Біз жеткілікті ұғым берілмеген және жеткілікті зерттелмеген феноменмен кездесіп отырмыз» дейді, яғни жеке қосалқы шаруашылық мәні бойынша «қосалқылық» ұғымының шегінен шыққан болатын. Ол көптеген ауыл отбасыларына қосалқы шаруашылықтан табыс табудың басты және негізгі түріне, яғни өмір сүру үшін күресуге арналған ауыл шаруашылық өндірісіне айналды. Өйткені оның табысы тек қана соған жетерлік болып табылады [4]. Мұндай өндірістің тауарлығы, тауар ретінде сатуға өндіріген өнімі аз болады. Батыстың экономикалық әдебиеттерінде мұндай өндірістің атауы *subsistence agriculture* (ағылшын) *subsistenz-liangwirtschaft* (неміс) болып келеді. Біздің агроэкономикалық әдебиеттерде тікелей ұқсас термин жоқ. Бірақ әңгіме терминде емес, оның білдіретін мәнінде болып отыр. Бір жағынан, *subsistence agriculture* жұмысшылардың едәуір бөлігі қоғамдық экономикада қолданысын таппайтын өнім өндірісімен шұғылданып, қоғамдық еңбек бөлінісіне қатыса алмайды. Бұл еңбек ресурстарын тиімсіз пайдалануды білдіреді және өндірістің төмен табыстылығын сипаттайды. Екінші жағынан, ауыл шаруашылық емес өндірістегі де, ауыл шаруашылық өндірістегі де төмен табыстылық деңгейіне ауыл халқының табиғи жауаптық әрекеті, қала тұрғындарының жұмыссыздықпен күрес әрекеті болып табылады. «Тұрмыстық шаруашылық» (*subsistence agriculture*) термині дәстүрлі, табысы аз, ресурстық қоры төмен деңгейде, кірісі аз, технологиялық қамтуы төмен ауыл шаруашылығы сияқты ұғымдармен синонимдік түрде қолданылады.

Жоғарыда аталған терминге келесідей анықтама берілген: *subsistence agriculture* («тұрмыстық шаруашылық» немесе «күнкөріс ауыл шаруашылығы») – өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығын жүргізуші нысан, онда фермерлер өздерінің және өз отбасыларының қажеттілігін қанағаттандыру үшін жеткілікті азық-түлік өсіруге, артық өнім өндіруге, көбінесе жергілікті нарыққа негізделген шаруашылық жүргізу түрі. Тони Уотерстың айтуынша, «*subsistence agriculture* шаруалары – адамдар тамақтанатын нәрселерді өсіріп, өз үйлерін құрып, нарықтан сатып алмай өмір сүретін адамдар» [5].

Батыс әдебиеттерінде жеке қосалқы шаруашылық (жұртшылық шаруашылығы) жанұялық немесе жартылай фермерлік шаруашылық түсініктерімен сай келеді. Алайда Қазақстанда фермерлік шаруашылық және жұртшылық шаруашылығы (жанұялық шаруашылық) шаруашылық жүргізудің бір нысаны емес, олардың әртүрлі инфрақұрылымы және статистикасы бар.

Экономикасы дамыған елдердің фермерлік шаруашылықтарының тәжірибелерін қарастыратын болсақ, АҚШ-тың ауыл шаруашылығының негізгі құрылымдық звеносы отбасылық фермерлік шаруашылықтар болып табылатындығын атап өткен жөн. Онда фермерлік шаруашылықтардың саны 2,2 млн болса, оның 90%-ы отбасылық фермерлік шаруашылықтар құрайды. Американдық фермерлік (ірі кәсіпорын болсын не шағын ферма болсын) «отбасылық ферма» атауына ие, жаңа типология бойынша ірі (250 мың доллардан астам сомаға лайық өнім өндіретін және жүзеге асыратын көлемдегілер) және шағын (жылына 250 мың доллардан төмен сомаға өнім өткізетіндер) болып бөлінеді. Өндірілген және өткіздірілген өнімнің 80%-ға жуығы 160 ірі фермаларға тиесілі, олар жалпы фермерлік шаруашылықтардың 8%-ын құрайды. Ірі фермерлер жерді тікелей мақсаты бойынша қолданғанды қалайды. Олар – ерекше, тұрақты, әрекет етуші «алтын қор» және ұлттың мақтанышы, олар елдің азық-түлік қауіпсіздігін және оның белсенді сыртқы сауда саясатын қамтамасыз етеді. Ал шағын фермерлер – аса маңызды «алтын қор», олар жаңа ішкі және әлемдік азық-түліктік қауіп жағдайында аграрлық әскерді толықтыруға арналған ерекше «резервтік полк» болып табылады.

Әлемде шаруашылық жүргізуші шағын нысандарды қолдаудың мол тәжірибесі қалыптасқан, тіпті, ауыл халқын табыспен, азық-түлікпен қамтамасыз етпейтін елдердің өзінде де қолдау шаралары бар. АҚШ ферма иелерін қолдау саласы бойынша жаңа заңнама «Ауыл шаруашылығындағы нарыққа өту бағдарламасы» атауымен қабылданған. Сол бойынша жыл сайын ауыл шаруашылығы өндірушілеріне біртіндеп жеті жыл ішінде қысқаратын тұрақты өтемақыларды (нарық конъюнктурасына байланыссыз) бекітеді. Бағаларды реттеу қағидасы сақталады. Аталған заңнаманың негізгі идеясы – бұл өндірісті қолдау емес, фермерлердің

табыстарын қолдау. Үкімет ферма иесіне соңғы бірнеше жылдарда болған бағдарламалардың аясында фермерлердің үкіметтен алған төлемдер сомасы көлеміне негізделген «өтпелі кезең өтемақысын» төлейді. Бұл заң бойынша фермалардағы мемлекеттік резервтік қор және төтенше жағдайларда мал шаруашылығын жем-шөппен қамтамасыз ету бағдарламалары күшін жояды. Алайда малшы-фермерлерге көмек беру бағдарламасы жыл сайын су, мал шаруашылығы өнім өндірісімен байланысты деградациясына бөлшектеп өтеуге 100 млн доллар бөлінеді.

Б.А. Черняков: «АҚШ-тың аграрлық саласы бүгінгі таңда ауыл шаруашылық өнімдер өндірісінің жоғары дәрежеде ұйымдастырылған болып табылады, оған қол жеткізу үшін ғылыми-прогресстің ең озық жетістіктері қолданылады. Ауыл шаруашылық зерттеулерге жұмсалған ірі көлемді инвестициялар және олардың аграрлық салаға енгізірілуі ауыл шаруашылығы дамуының экстенсивті түрінен ХХ ғасырдың басында интенсивті және ғылымды қажет ететін түріне көшірді. Сол себепті ол үнемі барлық «ел аузындағы» көшбасшылықты ғана емес, сондай-ақ тұрақты бәсекеге қабілеттілікті көрсетеді», – деп санайды.

Американдық фермерлердің барынша жұмыс жасауының шешуші факторы мемлекеттік қолдау болып табылады. Бүгінгі таңда көп жылдық және нақтылай қолдау мемлекетке өндірістің ауыл шаруашылық өнім өндірісінің, қайта өңдеуінің және өткізуінің қалыптасқан жүйесін реттеп, бекіткендігін еш күмәнсіз айтуға болады. Және бұл фермерлердің табысын жалпы қолдаудың, мал шаруашылығындағы өнімдер мен басымдырақ дақылдардың, қолайлы баға саясатының, сапаны бақылаудың, ғылымды қолдау мен жаңа жетістіктерді енгізудің арнайы механизмі көмегімен жасалды. Ауыл дамуын қолдау мен жерлерді сақтаудың тұрақты бағдарламалары ерекше маңызға ие [6].

АҚШ-та 1997 жылы ауыл шаруашылығының Министрімен шағын фермерлер бойынша Ұлттық комиссия құрылған. Ол комиссия даму бойынша арнайы шаралар құрастырған болатын. Нәтижесінде, 1996–2000 жылдары АҚШ-та фермерлік шаруашылықтардың саны 24 мыңға өскен [7].

Ауыл шаруашылық өнім өндірісіндегі Американдық фермерлердің жетістіктері белгілі. Бұл жетістікті құраушылар да белгілі, соның ішінде үшеуін атап өткен жөн.

Біріншіден, жетістіктің негізі фермердің өзі болып табылады. Американдық шындық көптеген он жылдықтар барысында адамдардың ерекше класын қалыптастырды, олар өздерінің талантымен, жоғары маманданған дайындығымен, шығармашылық ойлау және өз білімін пайдалану мүмкіншілігімен, бизнеспен айналысуымен, қатаң бәсекелестік жағдайында жақсы болашақ үшін күресе алуымен ұлттың азық-түліктік әл-ауқаттылығын қалыптастырды.

Екіншіден, фермердің әрекет ететін ортасын айту қажет. Нарықтық экономикада ол фермер үшін қолайсыз болып табылады. Сондықтан да мемлекет фермерлік шаруашылықтарға жан-жақты қолдау көрсетуге ұмтылады. Ол үшін АҚШ-та көпсалалы механизм құрылған. Бұл айтылған сөздерден американдық фермер тек қана мемлекеттің қолдауының арқасында ғана тіршілік етуде дегенге сайып келмейді.

Американдық фермерге, шын мәнінде, жәрдем болатын және болашаққа сенімділікпен қарауға мүмкіндік беретін нәрсе және үшінші құраушы, кооперация болып табылады. Фермерлік шаруашылықтардың төрттен үші осы кооперацияның құрамында. Мұнда бір фермер бір уақытта бірнеше кооперацияға мүше бола алады. Жоғары табысты разрядқа жататын фермерлер кооперациямен шектеулі дәрежеде байланысса да өздерінің пайлық үлестерін алуға ұмтылмайтыны қызық, өйткені олар өздерінің жетістіктеріне осы кооперация арқылы жетіп отырғандығын біледі.

АҚШ-та кооперациялардың дәстүрлі нысандарының болғанын қалайды. АҚШ ауыл шаруашылық секторы бұл бірнеше ірі фермерлік кооперативтер 500 ірі кәсіпорындардың тізіміне енгізілген, ірі кооперативтер әрекет ететін секторы болып табылады. Несиелік кеңестер нарықтың айтарлықтай үлесіне ие сақтандыруды қоса есептегендегі жеке қаржы қызметтеріне ие ірі кәсіпорындар болып табылады. АҚШ-та Еуропамен салыстырғанда кооперативтердің түрлері өте көп. Мәселен, энергетиканы үнемдеу бойынша кооперативтік кәсіпорында, телефон желісі мен кабельдік теледидар қызметтерін ұсыну бойынша кооперативтер (негізінен ауылдық мекендерде), университет студенттеріне қолайлы бағамен тұрғын-жай ұсынатын студенттік тұрғын үй кооперативтері.

Канада еліндегі шаруашылық жүргізуші шағын нысанды субъектілердің дамуы мен қолдау шараларына тоқталсақ, келесідей маңызды мәліметтерді ұсынған жөн. Канаданың ауыл шаруашылығы дамыған, ол азық-түліктің экспорты бойынша әлемде екінші орынға ие. Оның ауыл шаруашылығының өндірісіне тауарлылық, механикаландыру және мамандандудың жоғары деңгейі тән. Ауыл шаруашылық өнім фермерлік шаруашылықтарда өндіріледі, олардың 98%-ы отбасылық кәсіпорындар болып табылады.

Канадалық агросаясаттың басымдықтарының ішінде өткізу нарығындағы тұрақсыздық және қолайсыз ауа-райы жағдайында жетістікті ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің табыстарын қолдау шаралары бар. Ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің арасында мемлекеттік қолдау қаражаттарының үлестірілу құрылымы келесідей: 100 мың канадалық доллардан астам сомаға сатылым көлеміне ие фермерлік өндірістің жалпы көлемінің 87%-ы, ауыл шаруашылық бағдарламалар аясында төлемдердің 75%-ы тура келеді. Шағын және орта көлемді фермалар жалпы көлемінің басқа үштен бір үлесін құрайды (оларға өндірістің 12%-ы ғана тиесілі), ауыл шаруашылық бағдарлама аясында көмектің 25%-на ғана ие болып табылады.

Канаданың ауыл шаруашылық саласындағы және агро азық-түліктік саясатында заңнамалық бастамашылар да, атқарушы билік те федералдық үкімет пен провинциялық әкімшілік арасында үлестірілген, және аталғандардың соңғысына мемлекеттік субсидияның 50%-ы бөлінеді. ЭЫДҰ сарапшыларының пікірі бойынша, Канада жекелеген тауар топтары өндірісіне мемлекеттік қолдаудан фермерлердің табыстарын қолдайтын халықаралық сауданы азырақ деңгейде шектеуші өлшемдеріне реттілікпен ауысуда. Канадада ауыл шаруашылық өнім өндірушілерге бөлінетін субсидияның сомасы ЭЫДҰ елдеріндегі субсидиялардың орташа деңгейінің 50%-ын құрайды және ЖІӨ-нің 0,7%-ына сай келеді. Канадалық үкімет ауыл шаруашылықты бюджеттен тікелей аудару арқылы субсидиялау және тұтыну нарығындағы бағалардың өсуін тиімді емес деп санайды, өйткені фермерлерге табыстың 25%-ы ғана табыс ретінде қалады, ал қалғаны жанар-жағар май, тыңайтқыш, техника жеткізушілердің қолында қалады [8].

Канада ауыл шаруашылық өнім көлемі мен оның бағасына тікелей субсидиялаудан жетістікті фермерлерді диверсификациялық талдауға көшуде және басқа елдерді де өз үлгісі бойынша әрекет етуге, ауыл шаруашылық сала жұмысын жетілдіру әдістерін тауып, әлемдік нарықта фермерлердің өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға шақырады.


Ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің шағын нысандарының жағдайын сипаттау барысында шетелдік тәжірибедегі оларды қолдау шараларына кеңінен тоқталған маңызды. Өйткені олардың табыстылық деңгейі, бәсекеге қабілеттілік деңгейі болашақ әрекет етуіне және азық-түлік өнімдерін саны жағынан да, сапасы жағынан да арттыруына тікелей әсер етеді.

Қарастырылған елдердің тәжірибелерінен шетелдерде жұртшылық шаруашылықтарының, нақтылай айтқанда, оның баламаларының дамуына қолдау шаралары септігін тигізіп отырғандығы анық. Шетелдік тәжірибеде қолдау шаралары тек қаржылай ғана емес, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік, кеңес беруі өндірістік-технологиялық та бағытта жүзеге асырылады екен.

Дамыған елдерде мемлекеттік қолдау мен оның шығындары аймақтық және жергілікті деңгейге жүктелуі заңдылық болып табылады. Қолдаудың жанама әдістері басымырақ болады, мәселен, салық жеңілдіктерінің кең қолданылуы, әкімшіліктік кедергілерді жою, кеңестік-ақпараттық қамтамасыз ету әдістері.

Шетелдерде шаруашылық жүргізудің шағын нысандарын қолдау олардың әрекет етуіне қолайлы жағдай жасауға тікелей бағытталған шаралардың көмегімен жүзеге асады. Олардың қатарына жекелеген бағдарламалар мен іс-шараларды қаржыландыруды, коммерциялық банктардың шаруашылық жүргізудің шағын нысандарының әрекет етуіне қолайлы жеңілдетілген несие беруіне мақсаттау жатады. Көптеген елдерде мемлекеттік қолдау келесідей жолдармен жүзеге асады: тікелей квоталау орнына жерді өңдеуге, тұқым сатып алуға, жаңа объектілердің құрылысына, энергиялық тиімді құрал-жабдық орнатуға субсидиялау қолданылады, ауылдық аймақтың инфрақұрылымы мен логистиканың дамуына көңіл бөлінеді.

Шетелдердегі жұртшылық шаруашылықтардың (яғни, баламаларының) дамуын қолдау шараларын келесідей сызба түрінде 1-суретке сәйкес сипаттасақ болады.



Сурет 1 – Шетелдердегі жұртшылық шаруашылығының (баламаларының) дамуын қолдау шаралары

Ескертпе – Зерттеу барысындағы мәліметтер негізінде құрастырылған.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келгенде, дамыған елдердегі жұртшылық шаруашылығының тарихи қалыптасқан анықтамалық аталуының ерекшеліктеріне кеңінен тоқталып, негізгі сипаттамалары бойынша шаруашылық жүргізудің шағын нысанын білдіретіндігі нақтыланды. Сондай-ақ шетелдердегі жұртшылық шаруашылығы баламаларының дамуындағы негізгі ерекшеліктеріне тоқталып, мемлекет тарапынан қолдау шаралары талданды. Шетелдердегі қолдау шараларымен қатар, кооперациялану үрдісі жүзеге асу арқылы шаруашылық жүргізудің шағын нысандарының дамуына септігін тигіздіретіндігін айта отырып, тәжірибесіне сүйенуге әбден лайық екендігін де атап өткен жөн. Әлемнің фермер шаруашылықтарының жұмыс жасау тәжірибесін зерттеу реформалардың мейлінше дұрыс бағыттарын әзірлеуге, қажетсіз қателіктерге ұрынбауға, Қазақстанның жұртшылық шаруашылығындағы ауыл шаруашылық өндірістің тиімділік деңгейін көтеруге мүмкіншілік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Shinet G., Myrzaliev B., Ydyrys S. Conceptual Approaches to the Study of Nature of Private Ownership of Private Subsidiary Farming during Post-Socialist Transformation in Agricultural Sector // Journal of Advanced Research in Law and Economics Biannually. 2016. Vol. 7. Issue 2(16). – P. 350–363.

2 Есполов Т.И., Григорук В.В. Формирование рыночной системы земельных отношений в Казахстане. – Алматы: Изд-во Агроуниверситета, 2002. – 45 с.

3 Нурбекова Ж. Социологический анализ личных подсобных хозяйств сельского населения как неформального вида предпринимательской деятельности // Евразийское сообщество. – 2004. – № 3(47). – С. 105.

4 Мырзалиев Б.С., Шінет Г.Ф. Халық шаруашылықтарының жұмыс жасау тиімділігін арттыру – Қазақстанды азық-түлікпен қамтамасыз ету факторы // Аграрлық нарық проблемалары. – 2016. – № 1. – Б. 23–27.

5 Шінет Г.Ф., Абдибеков С.У., Исаева Г.К. Justification of methodical approach to definition of the direction of development of the personal husbandries // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Экономическая серия. – 2019. – № 4.

6 Башмачников В.Ф. Роль семейных фермерских хозяйств в развитии отрасли сельского хозяйства в США // АПК: регионы России. – 2012. – № 8. – С. 12–16.

7 Манько Т.Г., Лобанова О.И. Подсобные, приусадебные хозяйства и промыслы: указ. отеч. литературы. – М.: ЦНСХБ, 1994. – 50 с.

8 Асанов Қ.Ә. Ауыл шаруашылығын өркендету жүйесі жөніндегі ұсыныстар Шымкент облысы. – Алматы: Қайнар, 1978. – 400 б.

Аннотация

В данной статье широко изучены сформулированные определяющие названия альтернативных вариантов хозяйств населения за рубежом, являющихся малыми объектами хозяйствования в сельскохозяйственной отрасли. На альтернативных вариантах даны определения, описаны особенности и сходство понятий хозяйств населения. Кроме того, представлена важная информация ряда зарубежных ученых, описывающая небольшие формы хозяйствования населения, характеризующая различные точки зрения и объясняющая справочные названия. Дано объяснение, что разновидность определений названий связана с местными национальными особенностями. Отмечен тот факт, что в западной литературе понятие личного подсобного хозяйства совпадает с понятиями семейного хозяйства или же полуфермерского хозяйства, в то время как термин не совпадает с одной формой хозяйствования в Казахстане, а соответствует двум видам, т.е. объектам фермерского хозяйства и хозяйства общности, а также приведена их разнообразная инфраструктура и статистика. В качестве примера за рубежом изучены эквиваленты хозяйств населения в США и Канаде, состояние их развития, рассмотрены существующие меры поддержки в этих странах, найдены обобщающие черты, на основе которых разработана схема мер поддержки.

Ключевые слова: сельское хозяйство, агропромышленный комплекс, личное подсобное хозяйство, хозяйство населения, фермерское хозяйство, кооператив, меры поддержки.

Abstract

In this article, the formulated reference names of alternative variants of farms of the population abroad, which are small objects of management in the agricultural sector, are widely studied. Alternative versions are used to define and describe the features and similarities of the population with the economic concept. It is explained that the variety of definitions of names is related to local national characteristics. In addition, important information from a number of foreign scientists is presented, describing small forms of economic management of the population, various reflections, explaining reference names. A number of reference names are associated with local national characteristics. It is noted that in the Western literature, the concept of personal subsidiary farming coincides with the concepts of family farming or semi-farm farming, while the term does not coincide with one form of farming in Kazakhstan, but corresponds to two types, i.e., the objects of farming and the economy of the public, as well as their various infrastructure and statistics. As an example, the equivalents of farms in the United States and Canada were studied, the state of their development, the existing support measures in these countries were considered, and generalizing features were found on the basis of which the scheme of support measures was developed.

Key words: agriculture, agro-industrial complex, personal subsidiary farming, individual farms, farming, cooperative, support measures.